# SARYARQA

23 sáýir
2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№15 (8227)

KÚN TÁRTIBI
БІЛІМ САЛАСЫНДА СЕРПІН БАР
2-бет

AINA
АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕ – ЖАҢА МУЗЕЙ
3-бет

TIRSHILIK
ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ – 2021
7-бет

ÁR TARAPTAN
ЕКПЕ АНТИДЕНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ
8-бет

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# КЕҢГІР СУЫ КЕМЕРІНЕ ЖАҚЫНДАДЫ



***Жезқазған өндірісінің де, халқының да тіршілік тынысы Кеңгір су қоймасының жағдайына тікелей тәуелді екені белгілі. Бүгінде табиғат бірде көл, бірде шөл болып тұр ғой. Қала іргесіндегі айдын арнасы шалқып, көктемгі тасқында су кемеріне келіп жатса жұртшылық қуанып, бір-бірінен сүйінші сұрасып сүйсіне түседі. Өйтпегенде қайтсін, су бар тіршіліктің көзі емес пе?!***

Өткен күзде жаңбыр онша жаумай, жерде тоң болмағандықтан көпшілік жұрт қар суы еріген жеріне сіңіп, тасқын су болмай қалар ма екен деп қауіптенген еді. Наурызда жауған мол қар нағыз береке болып, көңілдегі осы күдікті сейілтті. Сәуір айының басында «Қаракеңгір өзенінде су жүріпті» деген қуанышты хабар жетті. Содан бері жақсылыққа жанашыр жандар іргедегі су қоймасының жағалауына жиі көз тігіп, тасқын судың Жезқазғанға жетуін тағатсыздана күткен болатын. Ел үміті ақталып, кешікпей Кеңгірге су келе бастады. Біз осы қуанышты хабарды ресми деңгейде нақылай түсу ниетімен 21 сәуір күні Жезқазған қаласының Төтенше жағдайлар басқармасына хабарласқан едік.

– Кеңгірге тасқын су 13 сәуірден бастап келе бастады. Судың ең көп келу мөлшері 17 сәуірде байқалды. Осы сегіз күннің ішінде 35,8 млн. текше метр су келіп, арнадағы су көлемі 278,7 млн. текше метрге жетті. Қазір судың келуі бәсеңдеді, дегенмен аздап жалғасып жатыр, – дейді ТЖ басқармасы азаматтық қорғаныс бөлімінің бастығы, майор Дулат Асанов.

Иә, Кеңгір арнасы суға толық толмаса да кеменіне жақындапты. Әлі екі-үш күндей аз-аздан келетін түрі бар. Толық көлеміне жету үшін жобамен 39 млн. текше метрдей су жетіспейтін сыңайлы. Бұған да шүкіршілік! Алдағы күндердің үлесінен үмітімізді үзбейік.

**Амандық РАХҰЛЫ**





# АҚ ХАЛАТТЫЛАР АРДАҚТАЛДЫ

***«Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» жастар қанатының бастамасымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «30 игі іс» акциясы аясында Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасы дәрігерлерінің еңбегі еленіп, сый-құрмет көрсетілді. «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» жастар қанатының жаңа жобасын жүзеге асыруға жас белсенділермен бірге қалалық мәслихаттың депутаттары да атсалысты.***

Ел басына күн туған сәтте өзгенің амандығын жеке басының қамынан жоғары қойған ақ халаттыларға деген риясыз көңілін білдіруге қала кәсіпкерлері де асыққанын айта кеткен жөн. Олардың демеушілігімен дәрігерлерге тәтті толы себеттер әзірленді.

– «Біз біргеміз» жалпыұлттық акцияның табысты тәжірибесін ескере отырып, волонтерлық қызметті одан әрі жүйелі дамыту және танымал ету мақсатында «Jas Otan» жастар қанаты жанынан «Biz Birgemiz» волонтерлық қозғалысы құрылған болатын. Бүгін қозғалыстың мұрындық болуымен «Дәрігерлерді ардақтайық» жобасы қолға алынды. Біз бұл жоба арқылы күнтүн демей індетпен күресіп, жерлестерінің денсаулығын ойлаған медицина саласы қызметкерлеріне алғыс білдіруді мақсат тұттық, – деген «Jas Otan» жастар қанатының Жезқазған аймағының төрайымы Нұргүл Талғатбекова жастардың бастамасын қос қолдап қолдаған «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Кеңгірбай Смағұловқа, «Шаруа» сауда орталығының директоры Ерлан Кенжебеков пен «Ақтоты» дүкенінің иесі Әнуар Әлсейітовке ризашылығын білдірді.

Дәрігерлерді ардақтауды адамгершілік борышымыз дейтін нұротандық жастардың жобасы әлі де жалғасын тауып, Жезқазған қаласының медицина мекемеліріндегі ақ халаттылар еңбегі ескерілетін болады.

**Өз тілшіміз**

ҒЫЛЫМ және ТЕХНОЛОГИЯЛАР

***Өмір деген ағып жатқан өзен, оның арнасын әркім әртүрлі қасиетімен, біреу бойындағы өнерімен, инабатты мәдениетімен, кісілік және кішілік адамгершілігімен, Құдай берген дарынымен, тағы біреу қайтпас, қайсар, айнымас мінезімен толықтырады. Өмір – тәжірибесі толысқан, ғылым жолында өзіндік жол салған ғалым Тыныс Бөлекбайұлы СҮЛЕЙМЕНОВ қырық жыл бедерінде жоғары оқу орындарында ел үшін еңбек ететін жастарды тәрбиелеу, олардың белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру, кәсіби біліктіліктерін арттыру бағытында қарымды қызмет атқарып, адамдардың алғысын арқалап келеді. Бұл – маңызды әрі мәңгілік құрмет!***

# ЗЕЙІНІ ЗЕРЕК ЗАМАНДАС

Қазақ арасында «Біреуді Құдай қосса, енді біреуді ноқта қосады» деген сөз бар. Тыныс екеумізді қосқан тарихтың ашық аспан астындағы айқара ашылған Дара Дала кітабына айналған Ұлытау өңірінің Жезқазған қаласы. Әлі есімде. Өткен XX ғасырдағы 80-шы жылдардың басында сол кездегі Еңбек Қызыл Ту орденді Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған филиалында (1992 жылдан Жезқазған тау-кен технологиялық институты, 1996 жылдан бері Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті) жаңа кафедралар ашылып, жұмысқа ғалымдар мен оқытушылар шақырылды. Сол тұста мен де өндірістен бүгін көзден кетсе де көңілімде мәңгілік ұялап қалған сарабдал азамат, марқұм Ғибадулла Қабышұлы Жакеновтің басқаруындағы «Автокөлік» кафедрасына арнайы шақырылып, оқытушылық кәсіппен айналысқан болатынмын. Кейін қатарымызға Тыныс Сүлейменов келіп қосылды. Бойынан жастықтың жалыны лапылдаған Тыныс та кішіге үлгі, шәкіртке ұстаз бола біліп, өз саласына қажет білікті мамандар дайындау ісіне кірісуді жөн санапты. Сөйтіп, екеуміздің тізе қосып жұмыс істеуімізге жол ашылды. Соңынан әр салада еңбек етіп жүріп те өмір ноқтамыз босаңсып не толық ағытылып кеткен тұстары болған емес.

Иә, өмір болғаннан соң, өріне шығып сүйіндік те, өзегіне түсіп күйіндік те. Орыс жазушысы Толстой айтпақшы, «Өмір деген – тек қана түзу жолмен жүру емес, сол түзу жолмен келе жатып бұрылысқа келіп, бұрылыстан келе жатып құлап қалу, қайта тұру, қайта жүру». Дегенмен Тыныстың өмір жолы әу бастан түзу түзілді деуге болады. Ата-анасынан бойына сіңірген тәрбие мен тәліммен сусындаған Тыныс өзіне әркез сыни көзбен қарай отырып, ісіне мығым, алған міндетіне жауапты болуға, кісілік пен кішілікті қатар ұстауға ұмтылды. Тыныс Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та оқумен түзеледі» дегенін басшылыққа ала отыра, кафедраның оқу-әдістемелік және лабораториялық базасын жоғары көтеруге мейлінше атсалысты. Студент жастарды ғылыми зерттеу жұмыстарға тартып, Төлеген Айбергеновше айтсам, «Жанам деген жүрекке от берді, шабам деген жігітке ат берді».

«Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады» деген ғибрат біздің Тыныс Сүлейменовке қаратып айтылғандай. Керемет еңбекқорлығы мен жүйелі ізденістерінің және тынымсыз тіршілігінің арқасында ол қатардағы ассистенттен Жезқазған университетінің проректоры лауазымына дейін өсті. Мәскеуде аспирантурада оқып, 1991 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. Соңынан техника ғылымдарының докторы атанды

►►8-бетте




МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# ҚАЛА ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

***Қар еріп, көктем шыққаннан бері көлік жүргізушілері қала жолдарының ойдым-ойдым шұңқырларынан жапа шеккендерін айтып, жол құрылысымен айналысатын мердігерлердің сапасыз жұмысының салдарынан жылда осындай жағдайдың орын алатындығына реніштерін білдіруде. «Жолдың нашарлығынан көлігіміздің қозғалыс тетіктерін жиі жөндеуге қоятын болдық», – дейді жүргізушілермен сөйлесе қалсаңыз. Бәрінің айтарлары: «Жол қашан жөнделеді, әкімдік тендер жариялаумен жүргенде жаз ортасы болады ғой» деген сыңайдағы әңгімеге тіреледі. Ал, жаяу жүргіншілер болса құбыр төсеу үшін қазылған жолдардың қайта асфальтталмай қалуынан бұрқыраған шаңды қауып жүргендерін айтып шағымдануда. Біз көпшілік қауымды мазалаған осы мәселелерге орай қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан ЕСЕТОВТЕН биылғы жылғы жол жөндеу жұмыстарының жай-күйін сұрастырған едік.***

Бөлім басшысының айтуынша, қала жолдарындағы ойылған жерлерді бітеу жөніндегі ағымдағы жөндеу жұмыстары осы аптада басталған көрінеді. Асфальт-бетон зауыты іске қосылыпты. Т.Өмірзақов жетекшілік жасайтын «Армстрой» ЖШС жолдың ағымдағы жөндеу жұмыстарына кірісіп, қазір Абай көшесіндегі шұңқырларды жамаумен айналысуда. Жоспардағы ағымдық жөндеу кестесі бойынша 10 көшенің жолын қамту көзделген. Гагарин көшесі Н.Әбдіров және І.Есенберлин көшелерімен қиылысатын жерге дейін, Абай, Алашаханның айналма жол аумағы, Иманжан, Деев, Жеңістің 30 жылдығы, Байқоңыров, Сейфуллин және тағы басқа көшелер бар. Жалпы жұмыс көлемі – 16 мың шаршы метр. Бұған 60 млн. теңге қаржы қаралып отыр. Жұмысты атқару барысында жол шұңқырына қатысты тағы мәселе туындайтын болса қосымша жұмыс ауқымы белгіленетін көрінеді.

Биыл қала жолдарына орташа жөндеу жүргізуге облыстық бюджеттен 1 млрд теңге қаржы бөлініп отыр. Барлығы 8 көшенің жолдарына орташа жөндеу жүргізілмекші.

►►3-бетте



## SARYARQA-АҚПАРАТ

### ҚАЗАҚСТАНДА АИ-92 МАРКАЛЫ БЕНЗИНІНІҢ БАҒАСЫ 170 ТЕҢГЕДЕН АСПАЙДЫ

***АИ-92 маркалы бензинінің бағасы литріне 170 теңгеден аспайды. Бұл туралы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин мәлім етті.***

Жанар-жағармай бағасы өсімінің экономикалық негізін қарасақ, біріншіден, былтыр акциз көтерілді, сосын зауыттың өндіру бағалары жоғарылады. Оны былтыр ешқайсысы өнім құнына енгізбеді. Себебі тұтыну көлемі азайып, өткен жылы жанар-жағармай құны төмендеді. Осы орайда кейінге шегерілген баға тәртібі биыл қосылды. Екіншіден, Атырау мұнай өңдеу зауыты тоқтап қалды. 5 сәуірде жөндеу жұмыстары аяқталуы тиіс еді, бірақ іске қосылмады. Енді осы айдың аяғына дейін (24 сәуірге дейін) тұруы мүмкін. Бұл тұрғыда АИ-92 маркалы бензинін өндіру екі есе азайды, – деді С. Жұманғарин.

Сонымен қатар, ол Ресейде АИ-92 маркалы бензиннің құны Қазақстанға қарағанда қымбаттау екенін айта келе, сол себепті бензин бізден кетіп жатқанын айтты.

Тыйым салынса да, бәрібір кетіп жатыр. Біз өз тарапымыздан әр өңір бойынша нарыққа зерттеу жасадық. Осы орайда бағаның өзіндік құнына қатысты талдау жүргіздік, бизнеспен пікір алмастық. Өңірлер бойынша баға айырмашылығы байқалып отыр. Тасымалдаудағы жол шығыны төмендеу өңірлерде баға да арзандау. Біздің ойымызша, осы айда және мамыр айында бағаны 170 теңгеден асырғызбаймыз, – деді агенттік басшысы.

Оның айтуынша, кесте бойынша Шымкент мұнай өңдеу зауыты мамыр айында жөндеу жұмыстарына тұруы тиіс еді. Алайда бұл зауыт жөндеуге тұрып қалса, жағдай қиындауы ықтимал. Бұл өндіріс оңтүстік өңірдегі бағаға әсер етеді.

Дегенмен бензин бағасы 200 теңге (АИ-92) болмайды. Бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылып жатыр, хаттамаларды жанар-жағармай құю станцияларына тапсырдық. Оны орындамаса, онда тексеру амалдары басталады, – деді Серік Жұманғарин.

Бұдан бұрын хабарланғандай, 12 сәуірде Үкімет отырысында ҚР Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев Атырау мұнай өңдеу зауытын 24 сәуірде іске қосу жоспарланып отырғанын айтты.

### «ASHYQ» ЖОБАСЫНА БАНКЕТ ЗАЛДАРЫ мен КАРАОКЕ ҚОСЫЛАДЫ



***5 мамырдан бастап банкет залдары мен караоке-клубтар «Ashyq» жобасы арқылы жұмыстарын бастай алады. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі – Бас мемлекеттік санитар дәрігер Ерлан Қиясов айтты.***

Бизнес қоғамдастықтың бастамасымен 2021 жылдың қаңтарынан бастап Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды қалаларында «Ashyq» мобильдік қосымшасын енгізу бойынша ілкі жобаны жүзеге асыру басталды. Аталған жобаны кеңейту мақсатында Бас мемлекеттік санитар дәрігердің қаулысына сәйкес, оған Ақтөбе, Көкшетау, Тараз және Талдықорған қалалары қосылды. Осы жылдың 21 сәуіріндегі жағдайға сәйкес, бағдарлама фитнес-клубтарда, СПА-салондарда, сауналарда, бассейндерде, боулингтерде, бильярд залдарында, компьютерлік клубтарда, концерт залдарында, қоғамдық тамақтану орындарында жұмыс істеп тұр, – деді вице-министр Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихаты барысында.

Оның атап өтуінше, аталған жоба облысаралық және қалааралық тұрақты емес туристік тасымалдауға да енгізіліп жатыр.

5 мамырдан бастап жобаға «жасыл» аймақтағы банкет залдары, сонымен қатар караоке-клубтар қосылатын болады. 26 сәуірден «Ashyq» жобасын республиканың барлық өңірінде тарату жоспарланып отыр. «Ashyq» жобасына «Info-Kazakhstan» сайты арқылы өтінім берген және қызмет түріне сәйкес QR-код алған, сонымен қатар әкімдіктердің сайтына орналастырылған, 7 күндік оқудан өткен бизнес өкілдері қатыса алады, – деді Ерлан Қиясов.

### ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ БОЙЫНША ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ТУРЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

***Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні және «Игі істер марафоны» жалпыұлттық жобасы аясында Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы Талды археологиялық паркінде экотур ұйымдастырды. Іс-шараны мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы қолдады.***

Шет ауданындағы Талды археологиялық паркіне Жастар ресурстық орталығының өкілдері, оқытушылар, оқушылар және мұражай қызметкерлері аттанды. Мұнда олар бірегей тарихи ескерткіштермен танысып қана қоймай, ұқыпсыз жерлестерінің қалдырған қоқыстарын тазалай алды.

Талды археологиялық паркі тас, қола дәуірі, ерте темір ғасыры, орта ғасыр және этнографиялық қазіргі заман сияқты барлық тарихи кезеңдерінің ескерткіштерінің шоғырланған жері болып табылады. Қаражартас қорымындағы ең ірі Беғазы-Дәндібай кесенесін зерттеу нағыз жаңалық болды. Ескерткіш пирамидалық-сатылы құрылым болып табылады және сыртқы түрі бойынша Мысыр мен ацтек пирамидаларына ұқсайды. 2017 жылы жүргізілген қайта қалпына келтіру жұмыстары дала пирамидасының көрінісін қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қызметкерлері және Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің археолог-ғалымдары саябақ құру жобасын әзірледі. Жоба бойынша археологиялық зерттеулер, қалпына келтіру және консервациялау жұмыстары жүргізілді. Паркте күзет тақталары мен нысандардың орналасу орындары көрсетілген. Қазіргі уақытта туристер үшін қажетті ақпараты бар үш тілде QR-коды бар баннерлерді орнату бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Алдағы уақытта Талды тарихи-археологиялық паркі бойынша экскурсиялық турлар әзірленіп, сынақтан өткізіледі, туристік жолсілтемелер шығарылады.

## САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

# ІНДЕТ ҚАУПІ – ЖОҒАРЫ

***Коронавирус індетінің қайта өршуі 12 сәуірден бастап Жезқазғанның қызыл аймаққа енуі кім-кімді де алаңдатып қойғаны рас. Соған сай қала әкімі Қайрат Әбсаттаров пен Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы Оңал Байғожина сенбі күні брифинг өткізіп, өңірдегі эпидемиологиялық ахуал барысынан хабар берді.***



– Аурудың таралу қарқыны былтырғы жылғы деңгейге жетті. Енді бейқамдыққа салынар болсақ, 2020 жылдың жаз мезгіліндегідей жағдай қайталанып кетуі мүмкін. Былтырғы кезең жанымыздағы жақын адамдарымыздың қадірін түсіндіретіндей сабақ берді деп ойлаймын. Адам – вирус тасушы. 1 ғана ауру адам айналасындағы 6 адамға дейін осы індетті жұқтыру қаупі бар. Коронавирус ауруын жеңудің оңтайлы жолдары – маска кию, санитарлық талаптарды орындау, көпшілік жиналатын жерлерге бармау, вакцина салдыру. Біз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген халық тәмсілін есімізден шығармағанымыз жөн, – деген қала әкімі журналистер мен блогерлерге ел еңсесін көтеру мақсатында көпшілік назарына аурудан сақтанудың жолдары мен позитивке толы материалдарды жиі жариялауды ұсынды.

Аймақ бойынша аурудың R саны 1,84-ті құрап отыр. Бүгінде 319 адамнан COVID-19 вирусы анықталған, ал анықталмаған вирусы бар пневмонияға шалдыққандар саны – 89. Науқастармен жақын байланыста болған 968 адам анықталса, олардың 887-і – үй карантинінде. Қазір індет тараған 115 ауру ошағы белгілі болып отыр.

– 200 орынға шақталған инфекциялық стационарда 155 науқас ем алып жатыр. Өкінішке орай 4 науқас жансақтау бөлімінде. 2 адам өкпенің жасанды тыныс алу құрылғысы көмегіне жүгінуде. Науқастардың 117-сі Жезқазған қаласынан болса, 23-і – Сәтбаевтікі, ал қалған 9-ы – басқа қалалардан. Олардың барлығының жағдайы қатаң бақылауда, – деген Ләззат Ранова тұрғындарға аурудан сақтанудың басты амалы – екпеде екенін жеткізді. Сондай-ақ, жезқазғандықтарды қасиетті Рамазан айымен құттықтаған ол қонақ шақырып, ауызашар беруді кейінге қалдырып, сақтық шараларын қатаң ұстануды өтінді.

Індетке қарсы күресте жергілікті дәрі-дәрмек қоры жеткілікті. Қазіргі таңда науқастарға арналған 670 төсек-орын дайындаулы. Оның 53-і жансақтау бөліміне арналған. Ауру тырнағына іліккендер үшін тәулігіне 150 адамды тексере алатын 5 компьютерлік томограф, 4 сандық рентген мен 38 өкпенің жасанды тыныс алу аппараты, 397 пульсоксиметр мен 335 оттегі концентраты дайындалған. Оған қоса 343 медициналық газдарды қосу нүктесі бар.

Науқастар үшін 391 дәрігер мен 1303 медбике жұмыс істейді. Жедел жәрдемде 10 автокөлік қызмет көрсетеді.

COVID-19 індетінен сақтанудың бірден-бір тиімді тәсілі – вакцина екенін айтқан Ләззат Нәбиқызы қазірге дейін Жезқазған қаласы бойынша 1400 адам екпе салдырғанын жеткізді. Сәуірдің екінші жартысынан бастап тағы 4000 тұрғынға вакцина салу жоспарланып отыр.

Брифинг барысында Оңал Байғожина Қарағанды облысы бойынша 12 сәуірден бастап енгізілген шектеу шараларымен таныстырып, қоғамдық орындарда әлеуметтік арақашықтықты сақтап, маска тағып жүруді, қолды әрдайым сабындап жууды, адам көп жүретін орындарға бармау қажетін еске салды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# БІЛІМ САЛАСЫНДА СЕРПІН БАР



Сонау айбынынан әлем сескенген сақ пен ғұн тайпаларының ата қонысы, түркі жұртының алтын бесігі болған, айдарынан жел ескен асқақ рухты абзалдардың, көреген көсемдер мен аузы дуалы шешендердің рухани азық алған басты ордасына, ыстық мекеніне айналған Алтай мен Атырауға дейінгі алып даланың, ұрпағы мақтан етер Ұлы Даланың қазақ атты халыққа мұра болып қалғаны қандай ғажап! Әлемде көлемі бойынша 9-орынды иеленетін осынау кең даланы жандарын пида етіп, аманаттап қалдырған батыр бабалар алдындағы қарызымыз ешқашан өтелмесі хақ. Ұлтымыздың көшпенділер кезеңінен бастап, бүгінге дейінгі бастан кешкен азап пен қиындыққа толы жүріп өткен жолын ұмытпау, оны ұрпақ жадына сіңіріп, тарихымызды дәріптеу – біздің, әсіресе, ұстаздар қауымының басты міндеті.

Ұлт ұстазы атанған Алаш зиялысы, қазақ тіл білімінің негізін салушы лингвист ғалым, ақын Ахмет Байтұрсынұлы: «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы» дейді. Бұл сөздің ақиқат екеніне ешкімнің де шүбә келтірмейтіні анық. Осы тұста отансүйгіш, еліне адал, ұлттық құндылықтарды бойына тереңінен сіңірген, Отанына еңбек ететін жастар легін тәрбиелеу аса маңызды. Ия, «Тәрбие – тал бесіктен» екенін жоққа шығара алмаймыз. Баланың алғашқы тұсбағары – ата-анасы. Отбасындағы тәлім мен тәрбие арқылы бала өз өмірінің негізін қалайды. Одан әрі оның бітім-болмысының толысып, ой-санасының жетілуіне қызмет ететін басты тұлға – ұстаз. Біз өзіміз бен қазіргі бүлдіршіндердің балалық шағын салыстырар болсақ, айтарлықтай үлкен айырмашылықтарды байқаймыз. Ол кез бен бүгінгі мүмкіндіктерді қарастыра отырып, «Пах, шіркін, қазіргі балалар қандай бақытты!» деп іштей тамсанып қоятынымыз да жасырын емес. Осылай ойлай отырып, бір жағынан ізімізден ерген қараларымыз, ізбасарларымыз, құлыншақтарымыз үшін шексіз қуанамыз.

Әлемге белгілі Гарвард және Кембридж университеттерінің мамандары қазақстандық білім жүйесіне зерттеу жүргізгенде еліміздің білім беру саласында кеңестік жүйеден қалыптасып, қалып қойған баланың сапалы білім алуына кедергі келтіретін бірнеше факторларды анықтайды. Мұны 2014 жылы экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы жүргізген зерттеуде аталған ұйым ғалымдары да растайды. Сонымен бұл қандай қиындықтар? Зерттеулерге сәйкес, еліміздің білім беру жүйесінде орта мектептерде академиялық пәндердің санының тым артықтығы, теорияға көп көңіл бөлушілік, бірқатар пәндер бойынша тереңдетіп оқытудың төмендігі, оқушылардың шығармашылық дамуы мен жеке ізденісіне мүмкіндік бермеу сынды қателіктер анықталған. Осыған байланысты еліміздің білім жүйесіне жаңартылған мазмұнды білім беру бағдарламасы енгізілді. Соған сай барлық ұстаздар білімі мен біліктіліктерін арттырып, кәсіби дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік алды. Бұрын мұғалім 45 минут бойы балаға жаңа сабақ тақырыбын түсіндіріп, уақыттың басым бөлігінде өзі сөйлейтін болса, жаңа өзгерістерге сәйкес ұстаз «бағыт-бағдар көрсетуші», «жөн сілтеуші» атты жаңа сатыға көтерілді. Соның нәтижесінде сабақ уақыты 40 минуттық межемен оқушылардың жеке ізденісіне, жеке жұмыспен қатар жұптық, топтық жұмыстарға баса назар аударылып, олардың АКТ-ны қолдануына, өз ойын еркін білдіруіне, болашақ мамандығы мен ҰБТ-да оған қажетті пәндерді қарым-қабілетіне қарай таңдап, болашақта керекті мамандықты таңдауға үйренді. Осылайша Тәуелсіздікпен бірге сапалы әрі жоғары нәтижеге бағытталған білім беру моделі қалыптасты.

Оқушылардың еш алаңсыз сапалы білім алуы үшін мемлекетіміз қолдау -көмекті аяған емес. Ел болашағы – білімді жастардың қолында екені әлдеқашан-ақ дәлелденген. Жастардың орта білімнен соң түрлі мектептен кейінгі білім беру ошақтарында тегін білім алуы үшін білім беру гранттары да бөлініп жатыр. Жыл сайын олардың саны да тоқтаусыз өсуде. Мысалы, былтыр ең көп яғни 14681 грант – инженер кадрларды даярлауға, оның ішінде құрылыс, электротехника және энергетика мамандықтарына, тау-кен өндірісі мамандықтарына көптеп бөлінсе, екінші орында педагогика мамандығын таңдаған жастар үшін 8243 грант қарастырылыпты. Одан кейінгі қатарға денсаулық сақтау саласы, ауыл шаруашылығы, іскерлік, басқару және заңгер мамандықтары жайғасқан. Неде болса, оқуға ниетті жастар үшін барынша жағдай жасалуда. Бастысы – нарық сұранысын ескеру. Отандық білімнен бас тартып, шетелде білім алғыңыз келсе, оған да мархабат! Қалаған еліңізде, қалаған мамандық бойынша білім ала аласыз. Жоғары білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін де еш бөгет жоқ. Ғылым қызметкерлеріне де қолдау қомақты.

Тәуелсіздік алғаннан бергі соңғы жылдарда мектеп ұстаздары үшін де қолайлы жағдай жасалуда. Бұрынғы қағазбастылық жүгі біршама жеңілдеп, еңбекақы мөлшері де артты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен көптен күткен «Педагог мәртебесі» туралы Заң да қабылданып, ұстаздар мерейін асырды. Бүгінгідей әлемді әуре-сарсаңға салып, ел үрейін ұшырған індет пен карантин жағдайында алдыңғы шепте басын қауіп-қатерге байлап балаларға білім беріп жатқан ұстаздар еңбегі орасан. Осы тұста Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан ұстаздардың білім дағдылары мен шығармашылықтарын жетілдіру үшін түрлі онлайн курстар, қашықтан байқаулар ұйымдастырылып жатыр. Бұл шәкіртіне білгенін үйретуден жалықпайтын ұстаздардың еңсесін тіктеп, әр ісіне шалқар шабыт сыйлайтыны сөзсіз.

Неде болса, осының барлығы – қасиетті де қадірлі, киелі де кемел Тәуелсіздіктің арқасы екені сөзсіз. Мен осындай азат елде Ыбырай, Ахметтер салған дара жолмен жүріп келе жатқанымды мақтан етемін. Биыл 30 жыл толғалы отырған Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, бейбітшілігіміз баянды болсын!

**Ақнұр БЕЙСЕМБЕКОВА,**
**№ 21 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі**

***Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін ең қауіпті әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың біріне жатқызылады. Оның зиянды әсері мемлекеттік құрылым мен дәстүрлерге қарамастан кез келген елде сезіледі. Сыбайлас жемқорлықты толықтай жою бірде-бір мемлекетке мүмкін емес, бірақ қоғамның сыбайлас жемқорлық шегін төмендету мүмкін.***

# ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ ІС

Соңғы жылдары Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға мемлекеттік басқарудың ең жоғары деңгейіне үлкен көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасы – кеңестік кеңістіктегі алғашқы ел, ол дамудың бастапқы кезеңдерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күреске көп көңіл бөлді және 1998 жылғы 2 шілдеде елімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының № 267-І Заңы қабылданды. Бұдан басқа сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу мақсаты мемлекеттік саясат туралы көптеген құжаттарда, соның ішінде Президент жолдауларында бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық, оның ауқымы, ерекшелігі мен динамикасы – елдің жалпы саяси, әлеуметтік және экономикалық проблемаларының салдары. Қазақстан қарқынды дамып келеді және осыдан қоғамдық, мемлекеттік және экономикалық тұрақтардың өзгеруі орын алуда. Сондықтан, ол дамудың жалпы заңдылықтарына, оның ішінде жағымсыз заңдылықтарға сәйкес келуі таңқаларлық емес. Сыбайлас жемқорлық күнделікті адамның материалдық әл-ауқатын төмендетеді, ірі- мемлекеттік және экономиканың үлкен бөлігін сіңіреді. Тек құқық қорғау органдарының күш-жігері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелеріне кешенді көзқарасынсыз, осы жұмысқа барлық мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және халықтың белсенді қатысуынсыз жеткілікті түрде тиімді бола алмайды. Тек осылай ғана сыбайлас жемқорлық деңгейін нақты төмендетуге болады.

Осыған байланысты 2014 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді. Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік ахуалын құру арқылы барлық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Тек күш-жігерді біріктіре отырып, біз, қазақстандықтар, әлеуметтік зұлымдықты жеңе аламыз!

**Қымбат ҚАЗБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы персоналмен жұмыс және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас маманы**

# МҮЛІК ИЕЛЕРІНІҢ БІРЛЕСТІГІ

## *коммуналдық қарызды қалай өндіреді?*

***Мүлік иелерінің бірлестігі коммуналдық борыштарды өндіруге нотариус арқылы сот орындаушыларын тарта алады.***



Орталық коммуникациялар қызметінде «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ өңірлік даму және әдіснама департаментінің басшысы Марғұлан Әбдікәрімов мүлік иелерінің бірлестігі коммуналдық борыштарды қалай өндіретінін түсіндірді.

Әрбір пәтер иесі меншігіндегі пәтерден бөлек кондоминиум нысанының ортақ мүлігінде үлесі бар екенін түсінуі керек. Ол осы үлес үшін жауапкершілік арқалайды. Яғни ортақ мүліктегі үлесін күтіп ұстау шығындарын өтеуге міндетті. «Пәтерімді жауып тастасам, қалған мәселенің маған қатысы жоқ» деп ойлауға болмайды. Егер тұрғын үйде пәтер жалдаушылар өте көп болса, мүлік иелерінің бірлестігі «Азаматтарға арналған үкімет» мекемесіне жүгініп, адвокаттың көмегімен әлгі пәтердің меншік иелері туралы ақпарат сұрата алады, – дейді акционерлік қоғам өкілі.

Марғұлан Әбдікәрімов ортақ мүліктің ортақ шығындарын төлеуге құлықсыз адамдарды МИБ аясында қалай тәртіпке шақыруға болатынын түсіндіріп өтті.

Коммуналдық шығындар мен өзге төлемдерді төлеуге құлықсыз пәтер иелеріне қатысты заң 2019 жылы барынша оңтайландырылды. Енгізілген түзетулер бойынша ортақ мүлікті басқарушы орган борышкерлер пайда болған жағдайда жеке нотариусқа өтінішпен жүгіне алады. Өтінішпен бірге борышкер туралы анықтама мен төленбеген түбіртектер тапсырылады. Жиын арқылы бекітілген тарифтер де көрсетілуі керек. Осы құжаттардың бәрін тексергеннен кейін нотариат базасында атқару парағын рәсімдейді. 10 күннің ішінде борышкер қарызын төлемесе немесе қарсы дәлел келтірмесе, атқару парағы сотқа жолданады. Жеке сот орындаушы құжатты қабылдағаннан кейін ақшаны өндіруге кіріседі. Яғни, сот орындаушы борышкердің қаражатына, басқа қалаға шығуына шектеулер қоюға құқылы, – дейді маман.

Оның айтуынша, «ұмытшақ» борышкерлер сот орындаушысымен сөйлескеннен кейін тиісті төлемді уақтылы төлей бастайтын көрінеді.

# ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕСІ – МЕМЛЕКЕТ БАҚЫЛАУЫНДА

***Ел азаматтарының жұмыспен қамтылуы және еңбекке орналастыруды қамтамасыз ету – күн тәртібінен түспейтін мемлекеттік маңызы бар мәселелердің бірі. Сондықтан, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында экономиканы, шағын және орта бизнесті, қазіргі күрделі жағдайда барша ел тұрғындарын қолдауға бағытталған бірқатар нақты міндет жүктеді.***



«Қазіргі күрделі жағдайда алдымызда тұрған басты міндет – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалу» деген Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауда нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасының қосар үлесі бар. Халықты нәтижелі жұмыспен қамту, адамдардың тұрмыстық жағдайын жақсарту, жұмыссыздар санын азайту және азаматтарды кәсіпкерлікке тартуға бағытталған мемлекеттік бағдарлама Жезқазған қаласында да сәтті жүзеге асырылуда.

«Еңбек» бағдарламасы еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту, еңбек ресурстарын қайта даярлау, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, ауылдық елді-мекендерде шағын кредит беруді кеңейту, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру сияқты бірқатар міндеттерді қамтиды. Жалпы, бағдарлама үш бағытта жүзеге асырылады. Бірінші техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету бағыты бойынша 2021 жылы 38 жұмыссыз тұрғынды оқыту жоспарланған. Осы бағыттағы жұмысты жүзеге асыру үшін бюджеттен 13 478,0 мың теңге бөлінген Қазірдің өзінде 10 адам шаштараз мамандығын меңгеріп жатыр. Қысқа мерзімді курс оқуға ниетті тұрғындар үшін сонымен бірге газбен дәнекерлеуші, көлік жөндеу бойынша слесарь - электрик мамандықтары бар. 2020 жылы осындай оқыту курстарын 70 адам оқып, 68-і тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді. Жаппай кәсіпкерлікті дамыту деп аталатын бағдарламаның екінші бағыты өз ісін ашуға немесе қолданыстағы кәсібін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Өткен жылы осы бағыт бойынша 32 қала тұрғынына жалпы сомасы 212 млн. 700 мың теңгеге шағын несие берілді. Атап айтсақ, 3 кәсіпкер «Даму» қоры арқылы 40 млн. 700 мың теңге, ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы 29 адам 172 млн.теңге көлемінде несие алды. Жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру мақсатында 130 жерлесімізге мемлекеттік грант бөлінді. Оның жалпы құны 75 842,0 мың теңгені құрады. Ағымдағы жылы да грант беру өз жалғасын тапты. 19 наурызда өткен комиссия отырысының шешімі бойынша 26 адам мемлекеттік грант алуға үміткер атанды. Оның 7-і – жас, 13-і аз қамтылған отбасы мүшелері. Грантқа ие болу үшін жұмыссыздар міндетті түрде «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлік негіздерге баулитын курсты оқу қажет. Оқыту ұзақтығы 21 күнді құрайтын курс тегін оқытылады.

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту бағыты бойынша 2021 жылдың 12 айында 2486 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Жыл басынан бері біздің орталыққа жұмыспен қамту мәселесімен 947 адам жүгінген. Бірінші тоқсан қорытындысы бойынша 497 адам тұрақты жұмыспен қамтылды, оның ішінде, электрондық еңбек биржасы арқылы 250 адам екі қолға бір күрек тапты. Қоғамдық жұмыс орындарын құру жоспары 655 тұрғынды қамтымақ. Қазіргі таңда жұмысқа 225 адам жолданды. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 49 614,0 мың теңге, республикалық бюджеттен 104 400,0 мың теңге бөлінді. Сонымен бірге, 85 жұмыссызға арналған әлеуметтік жұмыс орындарын құру жоспары аясында 53 тұрғын жұмысқа орналасты. Жастар практикасына жіберу жоспары биылға 60 адамды құрайды. Бүгінде 16 жас жұмысқа жолдама алды.

Жезқазғандықтарды жұмыспен қамту бағытындағы кешенді жұмыстар «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасымен ғана шектелмейді. Жыл басынан біздің орталық мемлекеттік қызметтерді ұсыну электрондық еңбек биржасы арқылы пилоттық жобасын іске асырып жатыр. Өзіне-өзі қызмет ету аймағы электронды еңбек биржасына қолжетімділігі бар бес дербес компьютерлермен қамтамасыз етілген. Орталық күнделікті 45-50-ге жуық адамды қамтиды. Келген жұмыссыздар мен жұмыс берушілерге тиісті оқыту мен практикалық көмек көрсетілуде. Тоқсанына бір рет тұрақты түрде бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру жолға қойылған. Жұмыс ұсынғандар мен іздегендерді жолықтыру карантин талаптарына сәйкес қазір онлайн форматта өтуде.



«Жезқазған қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ жанынан көп балалы отбасылары мен аз қамтылған отбасыларына әлеуметтік, құқықтық, психологиялық көмек беру мақсатында «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы ашылған. Бүгінгі күні органның жаңа ғимаратқа көшуіне байланысты орталыққа бөлінген бөлме арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде. Орталықтағы екі ассистент, бір консультант пен бір психолог күнделікті әлеуметтік мәселелер бойынша кеңес береді.

Карантин режимі енгізілгенге дейін жұмыссыздар санын азайтып, «Еңбек» бағдарламасын жүзеге асыру және халыққа түсіндіру мақсатында «Шаруа» сауда орталығы жанынан және Кеңгір селосындағы «Ұлы дала» гипермаркеті ғимаратында жұмыспен қамту пункттері ашылып халыққа қызмет көрсетілді. Сонымен қатар, мобильді жылжымалы бекет ұйымдастырылып, қала тұрғындары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізілді. Жылжымалы бекет аптасына екі рет сейсенбі, бейсенбі күндері қала аумағында халық көп шоғырланған орындарда жұмыс жасады. Бүгін аталмыш бағыттағы жұмыстар онлайн форматта әлеуметтік желілер арқылы жүргізілуде. Жыл басынан «instagramm», «facebook» әлеуметтік желілерінде барлығы 825 жарияланым жарияланып, 23 тікелей эфир өткізілді. 305 бос жұмыс орны туралы тұрғындарға хабарланды.

Тұтастай алғанда, елдегі еңбек нарығына айтарлықтай оң әсерін тигізген «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының белсенді қолдау шаралары алдағы уақытта да халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмысын түзеуге септігін тигізеді.

**Абай ӘЗІМБАЕВ,**
**Жезқазған қаласы жұмыспен қамту орталығының директоры**

# АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕ – ЖАҢА МУЗЕЙ

***Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына «30 игі іс» және Жезқазған қаласының 70 жылдығына орай «70 жылдыққа – 70 игі іс» жоспары аясында ауыл мектептерінің білім сапасын арттырып, қолдау көрсету мәселесі жолға қойылған болатын. Аталған бастамаларға сай солардың бір парасы орындалып та үлгерді. Оның бір дәлелі – № 2 Кеңгір орта мектебінде ашылған музей.***

Ең алғашқы музейлер XVII-XVIII ғасырларда пайда болған көрінеді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, тарихтан сыр шертіп қана қоймай, тәлім-тәрбие мен мол тағылым, өнеге беретін мекеннің мектеп базасында да бой көтеріп, оқушылар игілігіне жарауы – әрине, қуанттарлық жайт. «Асыл мұра – аманат» деп аталған өлкетану музейінен кеңгірлік оқушылар тарихи-этнографиялық бағытта мол мағлұматтармен танысып, ұлттық тәрбиені бойларына сіңіре отырып, отансүйгіштікке үйренетін болады.

Мектеп музейінің ашылуына Жезқазған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов қатысып, ашылу салтанаты лентасын қиды.

– Сапалы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеуде музейлердің де рөлі айтарлықтай. № 2 Кеңгір орта мектебі білімді және өнерлі, спортқа жаны құмар талай жасты тәрбиелеп шығарды. Осы тұста мектеп ұстаздарына алғысымды білдіремін. Сіздердің жетер жетістіктеріңіз әлі де алда деп білемін, – деген Жеңіс Едігеұлы ауыл балалары үшін қолдау қай кезде де тоқтап қалмасын еске салды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**




# МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫ – ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫНДА

***Қарағанды қаласындағы педагогикалық шеберлік орталығы мен Жезқазған қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен онлайн режимде Қазақстандағы білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық құжаттардағы өзгерістерді талқылау және оны тәжірибеде қолдану «Қазақстандағы білім беру жүйесінің құқықтық-нормативтік базасы: өзгерістерді тәжірибеде жүзеге асыру үрдісі» тақырыбында мектеп директорларына арналған жиын өтті.***

Аталған шараны бастаған педагогикалық шеберлік орталығы Қарағанды қалалық филиалының директоры Аят Егізбаев «Мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру – оқушыларды сапалы оқытудың кепілі» тақырыбында баяндамасымен таныстырды. Аталған баяндамада жезқазғандық педагогтермен бірігіп атқарылған жұмыстар нәтижесіне тоқталған ол, алда атқарылуға тиісті жұмыс жоспарымен де толығырақ таныстырды. Сондай-ақ, «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен жүзеге асқан мұғалімдерге арналған семинар-тренингтер мен түрлі оқыту курстарына да айрықша тоқталған ол корпорация басшылығына алғысын білдірді.

ПШО-ның тренері Мәдениет Хабат болса, «Қазақстандағы білім беру жүйесінің құқықтық-нормативтік базасы: өзгерістерді тәжірибеде жүзеге асыру үрдісі» тақырыбында сөз қозғап, құқықтық-нормативтік құжаттардағы өзгерістерді нақты атап өтті.

Өзара тәжірибе алмасу мақсатында № 26 гимназияның директоры А.Сәдуақасова мектептегі басқару, басқару үдерісі, әлеуметтік басқару, басқарудың құндылығы, мектептегі басқарудың мақсаты мен міндеттері, негізгі функциялары, стратегияларды анықтау және оны іске асыру кезеңдеріне нақты тоқталып, гимназиядағы болып жатқан өзгерістердің тиімді жақтарын ашып көрсетті. Ал №13 ЖББМ-нің директоры Ү.Жасынбекова «Инклюзивті білім беру – кедергісіз келешек» тақырыбында бірқатар жаңа идеяларын ортаға салды. Аталған білім ордасындағы «Болашақ» инклюзияны қолдау кабинетінің жұмысына кеңірек тоқталған ол, ерекше білім қажеттіліктері бар балалардың білім беру үрдісінде басқа балалармен араласуына, әлеуметтенуіне, білім алуына жағдай жасау мақсатында «Мектеп әр бала – үшін» жобасының негізінде жүзеге асқан іс-тәжірибелерімен бөлісті. Өз баяндамасын П.Шуманның «Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болуы керек» деген пікірімен қорытындылаған Үмітжан Жасынбекқызы өзге инклюзивті білім беретін мектеп мұғалімдері үшін әрдайым өз тәжірибелерімен бөлісуге даяр екендіктерін жеткізді.

**Әсел ЖӘКЕНОВА,**
**Жезқазған қаласы білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі**

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# ҚАЛА ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

***(Соңы. Басы 1-бетте).***

Асылбеков, Аманжолов, Анарқұлов, Әуезов, Жанасов, Смайылов, Түсіпбеков, Шевченко көшелерінің жолдары орташа жөндеумен қамтылады. Мердігерлерді анықтау үшін наурыз айында конкурс жарияланған. Мемлекеттік сатып алу туралы заңдылық талаптарына сәйкес конкурс қорытындылары 30 сәуірде шығарылады. Негізі орташа жөндеу жұмысы бойынша жолдың асфальт қабаты қырылып табаны тегістеледі, сосын барып 4-8 см аралығында ұсақ түйіршікті асфальт жабындысы төселеді. Жолдың жиек тастары салынады. Сонымен қатар, Асылбеков, Аманжолов, Жанасов, Әуезов көшелері бойына жарықтандыратын бағандар қойылып, оның шамдары орнатылады. Жалпы ұзындығы он шақырымға жуық жол жөнделеді. Жолдардың ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстарының барлығын 30 қыркүйекке дейін аяқтау жоспарланған.

Аула ішіндегі жолдарды жөндеу бойынша да біршама жұмыстар жоспарланған. Оған жергілікті бюджеттен 287 771 мың теңге қаржы бөлініп, жоспар бойынша 4,5,6-ықшам аудандардағы аула жолдары жөндеуден өткізіледі. Смета бойынша аулаларды жарықтандыру, автотұрақ жасау, жолдың жиек тастарын қою да қарастырылған.

Сонымен қатар, тұрғындар өткен жылы басталып аяқталмай қалған жолдар мен құбыр орнату барысында қазылған бөліктерге асфальт жабындыларының қайта салынбағаны туралы да орынды наразылық білдіруде. Биылғы жол жөндеуде бұл олқылықтар да ескерілген екен. Мәселен, өткен жылы карантин шараларының енгізілуіне байланысты жолды орташа жөндеумен айналысқан мердігер ұйымдарға битум жеткізу кешеуілдеп, соңынан бұл тауардың бағасы екі еседен жоғары қымбаттап кеткен. Соның салдарынан 2020 жылы жоспарланған 3 көшенің орташа жөндеу жұмыстары толық аяқталмай қалған. Осыған байланысты өткен жылдың соңында Марғұлан көшесін жөндеуді мойнына алған «Алмаз Құрылыс» ЖШС-мен және Пирогов, Құрманбаев көшелері жолдарын жөндеумен айналысқан «Құсайын жолы» ЖШС-мен келісім шарттар қайта жасалып, мерзімі 2021 жылдың 30 маусымына дейін ұзартылыпты. Енді бұл мердігерлер де келісімге сәйкес аяқталмай қалған жұмыстарын тиянақтауға кірісуге тиіс.



Қаланың құрылыс бөлімі Жезқазған қаласының су құбыры желілерін қайта құрудың 1-ші кезегі мен 3-ші кезегі шеңберінде жүргізілген қазылған жерлердің асфальт-бетон қабатын қалпына келтірудің кестесін жасаған көрінеді. Бұл бойынша 18010 шаршы метр аумақтың асфальт жабындысы қалпына келтірілуі тиіс. Ол негізінен Алашахан, Бейбітшілік даңғылдарының, Марғұлан, Абай, Тимирязев, Гагарин, Әуезов, Жангелдин, Гоголь, Түсіпбеков көшелерінің біраз бөліктерін, 28, 63, 64, 65, 81-85 орамдарды қамтиды. Асфальт-бетон жабындысын қалпына келтіру жұмыстарын 20 мамырда бастап, үстіміздегі жылдың 30 қыркүйегіне дейін аяқтау жоспарланған. Сондай-ақ, «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ да осы тұрғыдағы жұмыстарының кестесін белгілепті. Олар қаланың 25-тен астам учаскесіндегі қазған жерлерін асфальттап, қайта қалпына келтіруге міндеттеніп отыр. Бұл жұмыстарды 10 мамырдан бастап 31 қазанға дейін аяқтау белгіленген.

Міне, қала жолдарын жөндеу мен қазылған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі биылғы атқарылатын істер ауқымы осындай. Жұмыс көлемі аз емес. Қала көшелерінің дұрыс кейіпке еніп, маңайының абаттандырылып тұрғындарға жайлы болуы осы жұмыстардың ойдағыдай әрі сапалы атқарылуына байланысты екені белгілі. Ендеше ортақ мәселеге билікпен қатар қоғамдық ұйымдар мен белсенді топтар да атсалысып, іс барысын қырағылықпен қадағалап отырса артық болмас еді.

**Амандық РАХҰЛЫ**

# СЕНБІЛІК – ТАЗАЛЫҚ КЕПІЛІ

***Сенбіліктер басталды. Өткен аптаның соңында жиыны 45 кәсіпорын мен мекемеден шыққан 420 жезқазғандық қала тазалығына атсалысты.***

Мысты өлкенің 35 көшесінің қоқысын жинағандар жол жиектерін сыпырып, талдарды әктеді. Бұл жолы шағын және орта бизнес субъектілері де жұмылғаны көңіл қуантады. Кәсіпкерлер коммерциялық нысандарының сыртқы келбеті мен ауласын ретке келтірді. Қала тұрғындары да белсенділік танытқанын айта кету керек. Мұсабек Меңлібайұлы мен Абзалбек Молақұлы бастаған Сейфуллин көшесіндегі 2, 3, 5 7, 9-үйлердің тұрғындары көше мен Пушкиннен Аманжолов көшесіне дейінгі аланды тазалады. Сонымен бірге, жиналған қоқысты қала сыртына шығаратын көлікті де өздері жалдаған.

Жезқазған – біздің ортақ үйіміз. Оның тазалығы баршамызға сын. Сондықтан, әр тұрғын өз ауласын таза әрі көрікті күйде сақтауға үлес қосу – азаматтық борышы. Барша жерлестерді «Жиналған жер емес, шашылмаған жер таза» екенін ұмытпай 24 сәуірде республика көлемінде өтетін сенбілікке біркісідей қатысуға шақырамыз!

**Өз тілшіміз**

# ҮШТІЛДІЛІКТІ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН «ҮЗДІК МАҚАЛАЛАР САЙЫСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

**Байқаудың мақсаты мен міндеті:**

• мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қала тұрғындарының тіл мәдениетін көтеру;

• болашақ жастарды ана тілге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, орыс, ағылшын тілдерін жетік білуге баулу;

• өз туған ана тіліне қоса, өзге де тілдерді бағалай білуге баулу;

• «Үштұғырлы тіл» ұлттық жобасы – қоғамдық келісімді нығайту;

• Көп тілді үйрету арқылы біз болашақта көкірегі ояу, көзі ашық, әлемдік мәдениетке көзқарасы қалыптасқан азамат тәрбиелеу.

**Байқау шарттары:**

• Сайысқа кез-келген үміткер қатыса алады;

• Сайыс ағымдағы жылдың мамыр-қазан айлары аралығында өткізіліп, байқауды қорытындылау 2021 жылдың қараша-желтоқсан айларында өтеді;

• Сайысқа қатысу үшін қазақ, орыс тілдерінде үштілділік тақырыбындағы қызықты мақала жазу керек.

**Мақалаға қойылатын талаптар:**

• мақаланың мәтіні мәнін көрсетіп, тақырыпты ашуы тиіс;

• мақаланың өлшемі – А4 форматы қағазында 14 қаріп, 1,0 аралық, 1,5-2 парақтан аспауы керек.

Қатысушы мақаланың электронды нұсқасын **langcenterkar@mail.ru** электронды поштасына жіберуі тиіс.

Анықтама телефондары: **87212 56-70-84**

Бір үміткерден бір мақала жіберіледі.

**Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері:**

• Конкурстық жұмыстар мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мамандары мен Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының оқытушыларымен бағаланады;

• автор мақалада көтерген тақырыптың өзектілігі, жаңалығы, маңыздылығы;

• мәтін стилі;

• мақаланың сауатты безендірілуі қарастырылады.

**Марапаттау:**

Үздік мақалалар сайысының жеңімпаздары:

I орын 30 *000 мың теңге*
II орын 20 *000 мың теңге*
III орын 15 000 мың теңге

Басқа қатысушылар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

# ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНА ҚЫЗМЕТКЕ ТҮСЕТІН ҮМІТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ӨЗГЕРДІ

Ішкі істер органдарына қызметке түсу үшін іріктеу жаңа тәртіптерін реттейтін Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңына толықтырулар **2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап** күшіне енді.

Қазіргі уақытта полиция органдарына қызметке қабылдау конкурс негізінде іске асырылады. Конкурс рәсімі облыстық аумақтық II органдарында өткізіледі. Үміткерлер конкурс өткеннен кейін тағылымдамашы ретінде тағайындалып, Қазақстан Республикасының ІІМ білім беру мекемелеріне алғашқы кәсібилік дайындыққа жолданады. Оқуды үздік аяқтағаннан кейін лауазымдарға 3 айлық сынақ мерзіммен тағайындалады, ол аяқталғаннан кейін ғана алғашқы арнайы атақтары беріледі.

2021 жылдың 1 қаңтарынан конкурстық іріктеу аға және басшылық құрам лауазымдарына IIО қызметке түсу кезінде – бас маманда және басшылық буындарға сақталады.

Қатарындағы, кіші және орта басшылық құрам лауазымдарына IIО қызметке түсу (полицейлер, тергеушілер, жедел уәкілдер, учаскелік полиция инспекторлар және т.б.) алғашқы кәсібилік дайындықтан кейін жүзеге асырылады.

Үміткерлерді іріктеу бойынша жұмысты ұйымдастыру аумақтық органдардың кадр қызметтеріне жүктеледі. IIО қызметке түсу іріктеуіне қатысуға ниет білдірген азаматтарға, сертификат алғаннан кейін Қарағанды қаласы, Ерубаев көшесі, 37 мекенжайы бойынша облыстық Полиция департаментіне жүгінуі қажет, оларға кадр қызметінің қызметкерлері бос лауазымдар бойынша біліктік талаптарды түсіндіріп, қажетті құжаттардың тізімін береді. Өзімен бірге жеке куәлік, бар білімдері туралы құжаттар, әскери немесе тіркеу билеттері болуы қажет. Содан кейін оларды қалалық, аудандық аумақтық органдарға рәсімдеу үшін, қажетті құжаттарды тапсырған соң – медициналық және психологиялық тексеруден, полиграфологиялық зерттеуден өтуге жолдайды.

Жоғары көрсетілген рәсімдерді аяқтағаннан және жеке ісін дайындағаннан кейін, үміткер Қазақстан Республикасының IIМ білім беру мекемелеріне кәсібилік алғашқы даярлыққа жолданады (Алматы, Қарағанды, Қостанай және Ақтөбе академиялары), ол өзіне денешынықтыру дайындығының нормативтерін тапсыру және сұхбаттасу кіреді. Іріктеуден үздік өткен үміткерлер, IIМ оқу орындарының тыңдаушысы ретінде қабылданады. Тағылымдамашы ретінде тағайындау негізі болып қабылдау туралы бұйрық саналады. Тыңдаушыға тағылымда мерзіміне лауазымдық еңбек ақысының мөлшері төленеді.

Оқу аяқталғаннан кейін, тыңдаушыларды дайындыққа жолдаған аумақтық органдарының кадрлары сынақ мерзімісіз, алғашқы арнайы атақпен лауазымға тағайындайды.

Жаңа ережелермен құжаттарды қабылдау 2020 жылдың желтоқсанынан басталады. Көрсетілген мерзімге дейін қызметке түсу конкурстық негізінде полиция Департаментінде жүргізіледі.

Әрекеттегі қызметке қабылдауымен салыстырғанда, қызметке түсу жаңа ережелері қатарындағы, кіші және орта басшылық құрам лауазымдарына кәсібилік алғашқы даярлық арқылы конкурсты және сынақ мерзімдерін алып тастау жолымен жеңілдетіп, қызметке түсу үрдісін қысқартуға мүмкіндік береді.

Байланыс телефоны: **87102-76-08-53**

**Жезқазған қаласының полиция басқармасы**

*(Соңы. Басы газеттің №14(8226) санында)*

**Сарыкеңгір ауылдық округі бойынша елді-мекендер бөлінісінде ірі қара малдар аналық (сауын) мал басын орналастыру үшін жайылымдарды бөлу жөніндегі мәліметтер**

*№ 2 кесте*

| № | Елді-мекен | Жайылым алаңы, (гектар) | Сауын сиырлардың болуы (бас) | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (гектар) | Жайылымдардың қажеттілігі, (гектар) | Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген (гектар) | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % | Артықшылық, (гектар) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Малшыбай ауылы | 15 603 | 202 | 22,5 | 4 545,0 | - | 100 | - |
| | **Барлығы** | **15 603** | **202** | **22,5** | **4 545,0** | **-** | **100** | **-** |

**Сарыкеңгір ауылдық округі бойынша жер учаскелерінің меншік иелері бөлігінде ауыл шаруашылығы малдарының басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі мәліметтер**

*№ 3 кесте*

| № | Елді-мекен | Малдың болуы түрлері бойынша (бас) | | | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (гектар) | | | Жайылымдардың қажеттілігі, (гектар) | | | | Жайылымдарды бөлу | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Қорытынды (гектар) | | |
| 1 | Сарыкеңгір ауылдық округі | 2384 | 11352 | 4924 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 53640 | 51084 | 132948 | 237672 | Барлығы ауданы 214 847,0 гектар (116 шаруа қожалығы) | 100 |
| 2 | Малшыбай ауылы | 439 | 908 | 430 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 9877,5 | 4086 | 11610 | 25573,5 | Барлығы ауданы 15 603,0 | 100 |
| | **Барлығы** | **2823** | **12260** | **5354** | **22,5** | **4,5** | **27,0** | **63517,5** | **55170** | **144558** | **263245,5** | **230 450,0** | **200** |

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 2-қосымша*

**Сарыкеңгір ауылдық округі үшін қолайлы жайылым айналымдарының схемасы**

*№ 4 кесте*

| Жылдар | Қоршау 1 | Қоршау 2 | Қоршау 3 | Қоршау 4 |
|---|---|---|---|---|
| 2021 | көктемгі-жазғы маусым 1 | Жазғы маусым 2 | Күзгі маусым 3 | Демалушы қоршау |
| 2022 | демалушы қоршау | көктемгі-жазғы маусым 1 | Жазғы маусым 2 | Күзгі маусым 3 |

**Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары**



2 – кезеңмен жаю алаңы
1– кезеңмен жаю алаңы

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 3-қосымша*

**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карта**




**Сарыкеңгір ауылдық округі Малшыбай ауылының сыртқы және ішкі шекарасы**




*(Соңы. Басы газеттің №14(8226) санында)*

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 5-қосымша*

**Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы**

***Талап ауылдық округі – 44 558,0***



2 – кезеңмен жаю алаңы
1– кезеңмен жаю алаңы

*№ 5 кесте*

| № | Елді мекен | 2021 жылғы қоршаулар саны | | | | 2022 жылғы қоршаулар саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Талап ауылдық округі | КЖМ | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

*Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:*

КЖМ – көктемгі-жазғы маусым; ЖМ – жазғы маусым;
ЖКМ – жазғы-күзгі маусым; ДҚ – демалушы қоршау

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

***2021 жылғы 5 сәуір № 5/45*** ***Жезқазған қаласы***

# ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІН және АЛУШЫЛАР САНАТЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік- құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 13 сәуірдегі нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6302 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 68-бабының 3), 9), 11) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 «Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 тіркелген) бұйрығына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы** **С. ЖУМКИНА**
**Жезқазған қалалық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы** **В. СОТНИКОВ**

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 4-қосымша*

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы**

***Сарыкеңгір ауылдық округі***




*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 5-қосымша*

**Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы**

***Сарыкеңгір ауылдық округі -361 511,0***



2 – кезеңмен жаю алаңы
1– кезеңмен жаю алаңы

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 6-қосымша*

**Сарыкеңгір ауылдық округі маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы**



Сарыкеңгір ауылдық округі маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы

*№ 5 кесте*

| № | Елді мекен | 2021 жылғы қоршаулар саны | | | | 2022 жылғы қоршаулар саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Сарыкеңгір ауылдық округі | КЖМ | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

*Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:*

КЖМ – көктемгі-жазғы маусым; ЖМ – жазғы маусым;
ЖКМ – жазғы-күзгі маусым; ДҚ – демалушы қоршау

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 7-қосымша*

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі**

| № | Елді мекен | Маусымның басы | Маусымның аяғы |
|---|---|---|---|
| 1 | Сарыкеңгір ауылдық округі | сәуірдің соңы – мамырдың басы | қазанның соңы – қарашаның басы |

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 6-қосымша*

**Талап ауылдық округі маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы**



Талап ауылдық округі маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 7-қосымша*

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі**

| № | Елді мекен | Маусымның басы | Маусымның аяғы |
|---|---|---|---|
| 1 | Талап ауылдық округі | сәуірдің соңы – мамырдың басы | қазанның соңы – қарашаның басы |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 5 сәуірдегі№ 5/45 шешіміне 1-қосымша*

## ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

1. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 (бір) миллион теңгеден артық емес.
2. Қарыз сомасынан 10 % дейін, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 (бір) миллион теңгеден артық емес.

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі _______ облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 13.04.2021 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6302 болып енгізілді***

***Результаты согласования***

***Жезказганский городской маслихат - Главный специалист - Юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 05.04.2021 16:03:37, положительный результат проверки ЭЦП***

***Жезказганский городской маслихат - Председатель сессии Виктор Юрьевич Сотников, 05.04.2021 16:25:35, положительный результат проверки ЭЦП***

***Жезказганский городской маслихат - Председатель сессии Светлана Серикбаевна Жумкина, 05.04.2021 16:27:26, положительный результат проверки ЭЦП***

***Департамент юстиции Карагандинской области - зам.руководителя Рахмет Амантаевич Базылов, 08.04.2021 15:55:46, положительный результат проверки ЭЦП***

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 5 сәуірдегі№ 5/45 шешіміне 2-қосымша*

**Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі**

| № | Атауы |
|---|---|
| 1. | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 2. | «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 3. | Толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |
| 4. | «Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 бұйрығымен бекітілген, Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 тіркелген) сәйкес құрылатын еңбек ресурстарының болжамы есебімен, еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы бюджеттік ұйымдарының мамандары және өзге де салалардағы мамандар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған). |

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі _______ облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік-құқықтық акті 13.04.2021 Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6302 болып енгізілді***

***Результаты согласования***

***Жезказганский городской маслихат - Главный специалист - Юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 05.04.2021 16:03:37, положительный результат проверки ЭЦП***

***Жезказганский городской маслихат - Председатель сессии Виктор Юрьевич Сотников, 05.04.2021 16:25:35, положительный результат проверки ЭЦП***

***Жезказганский городской маслихат - Председатель сессии Светлана Серикбаевна Жумкина, 05.04.2021 16:27:26, положительный результат проверки ЭЦП***

***Департамент юстиции Карагандинской области - зам.руководителя Рахмет Амантаевич Базылов, 08.04.2021 15:55:46, положительный результат проверки ЭЦП***

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2021 жылғы 30 наурыздағы № 4/39* *Жезқазған қаласы*

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 29 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ LVII СЕССИЯСЫНЫҢ №57/486 «2021-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 12 сәуірдегі нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6301 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы LVII сессиясының №57/486 «2021-2023 жылдарға арналған ауылдық округтер бюджеті туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22017 тіркелген, 2021 жылғы 06 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2021-2023 жылдарға арналған Кеңгір ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 88010 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3416 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 67 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 84527 мың теңге;

2) шығындар – 95556 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге,

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 7546 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 7546 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу –0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 7546 мың теңге.

2. 2021-2023 жылдарға арналған Талап ауылдық округінің бюджеті 4, 5, 6 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 35782 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1260 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 34522 мың теңге;

2) шығындар – 37024 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге,

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 1242 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1242 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1242 мың теңге.

3. 2021-2023 жылдарға арналған Сарыкеңгір ауылдық округінің бюджеті 7, 8, 9 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 34541 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 456 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 34085 мың теңге;

2) шығындар – 34988 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге,

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 447 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 447 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 447 мың теңге.

аталған шешімнің 1, 4, 7 қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

**Сессия төрағасы С. БАЛМАҒАНБЕТОВ**

**Жезқазған қаласы мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы В. СОТНИКОВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 4/39 Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы LVII сессиясының №57/486 шешіміне 1-қосымша*

## 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БЮДЖЕТІ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | **I. Кірістер** | 88010 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 3416 |
| | 01 | | Табыс салығы | 10 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 10 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 3406 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 68 |
| | | 3 | Жер салығы | 30 |
| 2 | 01 | 4<br>5 | Көлік құралдарына салынатын салық<br>Салықтық емес түсімдер<br>Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер<br>Мемлекеттік меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 3308<br>67<br>67<br>67 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 84527 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 84527 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 84527 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | **II.Шығындар** | 95556 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 47033 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 47033 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 47033 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 47033 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 42265 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 42265 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 42265 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 14757 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 5508 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 22000 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 3538 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 3538 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 3538 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 3538 |
| 13 | | | | Басқалар | 2720 |
| | 9 | | | Басқалар | 2720 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2720 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 2720 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | **III. Таза бюджеттік кредиттеу** | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | **IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо** | 0 |
| | | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | **V. Бюджет тапшылығы (профициті)** | -7546 |
| | | | | **VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)** | 7546 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 7546 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 4/39 шешіміне 2-қосымша*
*Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы LVII сессиясының №57/486 шешіміне 4-қосымша*

## 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТАЛАП АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БЮДЖЕТІ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | **I. Кірістер** | 35782 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 1260 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1260 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 11 |
| | | 3 | Жер салығы | 49 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1200 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 34522 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 34522 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 34522 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | **II.Шығындар** | 37024 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 33202 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 33202 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 33202 |
| 07 | 3 | 124 | 001<br>008 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер<br>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық<br>Елді-мекендерді көркейту<br>Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты<br>Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 33202<br>2402<br>2402<br>2402<br>1602 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 800 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 900 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 900 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 900 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 900 |
| 13 | | | | Басқалар | 520 |
| | 9 | | | Басқалар | 520 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 520 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 520 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | **III. Таза бюджеттік кредиттеу** | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -1242 |
| | | | | VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 1242 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 1242 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 4/39 шешіміне 3-қосымша Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы LVII сессиясының №57/486 шешіміне 7-қосымша*

## 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН САРЫКЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БЮДЖЕТІ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | **I. Кірістер** | 34541 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 456 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 456 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 3 |
| | | 3 | Жер салығы | 3 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 450 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 34085 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 34085 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 34085 |

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*(Соңы. Басы 5-бетте)*

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | ІІ.Шығындар | 34988 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 32366 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 32366 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 32366 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 32366 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 1786 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 1786 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1786 |
| | | | 008<br>009 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру<br>Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 739<br>600 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 447 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 500 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 500 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 500 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 500 |
| 13 | | | | Басқалар | 336 |
| | 9 | | | Басқалар | 336 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 336 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 336 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | ІІІ. Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Кіші сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Кіші сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -447 |
| | | | | VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 447 |

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Кіші сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 0 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 0 |

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Кіші сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 447 |

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі*
*________ облысының/қаласының Әділет департаменті*
*Нормативтік-құқықтық акті 12.04.2021*
*Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6301 болып енгізілді*

*Результаты согласования*
*Жезказганский городской маслихат - Главный специалист - Юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 01.04.2021 11:45:34, положительный результат проверки ЭЦП*
*Жезказганский городской маслихат - Председатель сессии Виктор Юрьевич Сотников, 01.04.2021 11:47:03, положительный результат проверки ЭЦП*
*Жезказганский городской маслихат - Председатель сессии Саят Сабиевич Балмаганбетов, 01.04.2021 11:48:08, положительный результат проверки ЭЦП*
*Департамент юстиции Карагандинской области - зам.руководителя Рахмет Амантаевич Базылов, 07.04.2021 10:50:34, положительный результат проверки ЭЦП*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2021 жылғы 5 сәуір* *№ 5/45*

## Кеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы

***Нормативтік- құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 12 сәуірдегі нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6300 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған Кеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы** **С. ЖУМКИНА**
**Жезқазған қалалық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы** **В. СОТНИКОВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 5 сәуірдегі№ 5/46 шешімімен бекітілген*

## КЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ 2021-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР

1.Осы Кеңгір ауылдық округі жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін –өзі басқару туралы», 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі № 173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі № 3-3/332 «Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданады.

3. Жоспар құрамында:

1) Құқық белгілейтін құжаттар негізінде Кеңгір ауылдық округі аумағында жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2 қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карта (3 қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы (4 қосымша);

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5 қосымша);

6) Кеңгір ауылдық округте орналасқан жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жайылымдармен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы (6 қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі (7 қосымша);

8) тиісті әкімшілік - аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтуға тиіс.

*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 1 қосымша*

### Құқық белгілейтін құжаттар негізінде Кеңгір ауылдық округі аумағында жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)




### Кеңгір ауылдық округі аумағындағы жер учаскелерінің меншік иелері тізімі

*№ 1 кесте*

| № | Жер учаскелерін жер пайдаланушылардың атауы | Жайылым алаңы, (гектар) | Түрлері бойынша малдың болуы, (бас) | | | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (гектар) | | | Жайылымдардың қажеттілігі, (гектар) | | | | Артық жайылымдар, (гектар) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ірі қара мал | Ұсақ қара мал | Жылқы | Ірі қара мал | Ұсақ қара мал | Жылқы | Ірі қара мал | Ұсақ қара мал | Жылқы | Жиыны (гектар) | |
| 1 | Бураханов Абзелхан | 9400 | 0 | 0 | 0 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 9400 |
| 2 | Шаирбаев Жандос Нускабаевич | 1114 | 0 | 0 | 0 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1114 |
| 3 | Шалмаганбетов Айткожа, Айтқожа Наурызбай Айтқожаұлы | 700 | 22 | 0 | 17 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 297 | 0 | 275,4 | 572,4 | 127,6 |
| 4 | Берденов Талгат Аргимбаевич | 6400 | 0 | 0 | 0 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 6400 |
| 5 | Бейсенбек Аспандияр Еділұлы | 3050 | 0 | 0 | 0 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 3050 |
| 6 | Сейталинов Сабыр Сайлаубекович | 1210 | 0 | 0 | 0 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1210 |
| | **Барлығы** | **21874** | **22** | **0** | **17** | **13,5** | **2,7** | **16,2** | **297** | **0** | **275,4** | **572,4** | **21301,6** |

### Кеңгір ауылдық округі бойынша елді-мекендер бөлінісінде Ірі қара мал аналық (сауын) мал басын орналастыру үшін жайылымдарды бөлу жөніндегі мәліметтер

*№ 2 кесте*

| № | Елді-мекені | Жайылым алаңы, (гектар) | Сауын сиырлардың болуы (бас) | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (гектар) | Жайылымдардың қажеттілігі, (гектар) | Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген (гектар) | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % | Артықшылық, (гектар) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кеңгір ауылы | 3 725 | 533 | 13,5 | 3 470 | -3 470 | 100 | 255 |
| | **Барлығы** | **3 725** | **533** | **13,5** | **3 470** | **-3 470** | **100** | **255** |

### Кеңгір ауылдық округі бойынша жер учаскелерінің меншік иелері бөлігінде ауыл шаруашылығы малдарының басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі мәліметтер

*№ 3 кесте*

| № | Елді-мекен | Малдың болуы түлері бойынша (бас) | | | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (гектар) | | | Жайылымдардың қажеттілігі, (гектар) | | | | Жайылымдарды бөлу | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ірі қара мал | Ұсақ қара мал | Жылқы | Ірі қара мал | Ұсақ қара мал | Жылқы | Ірі қара мал | Ұсақ қара мал | Жылқы | Жиыны (гектар) | | |
| 1 | Кеңгір ауылдық округі негізгі | 4438 | 12427 | 5504 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 59913 | 33553 | 89165 | 182631 | Бураханов Абзелхан – 9400 гектар, Шаирбаев Жандос Нускабаевич – 1114 гектар, Шалмаганбетов Айткожа, Айтқожа НаурызбайАйтқожаұлы – 700 гектар, Берденов Талгат Аргимбаевич – 6400 гектар, Бейсенбек Аспандияр Еділұлы – 3050 гектар, Сейталинов Сабыр Сайлаубекович – 1210 гектар | 90 |
| | Кеңгір ауылы | 343 | 664 | 239 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 4630,5 | 1792,8 | 3871,8 | 10295,1 | | |
| | **Барлығы** | **4781** | **13091** | **5743** | **13,5** | **2,7** | **16,2** | **64543,5** | **35345,8** | **93036,8** | **192926,1** | **21874** | |

*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 2 қосымша*

### Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (картасы)




*№ 4 кесте*

| Жылдар | Қоршау 1 | Қоршау 2 |
|---|---|---|
| 2021 | көктемгі-жазғы-күзгі | көктемгі-жазғы-күзгі |
| 2022 | күзгі | күзгі |

*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 3 қосымша*

### Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карта




*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 4 қосымша*

### Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы

Кеңгір ауылдық округі




*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 5 қосымша*

### Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы

Кеңгір ауылдық округі – 277 706,0




*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 6 қосымша*

### Кеңгір ауылдық округте орналасқан жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жайылымдармен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасы




*Кеңгір ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарға 7 қосымша*

### Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі

| № | Елді-мекен | Маусымның басы | Маусымның аяғы |
|---|---|---|---|
| 1 | Кеңгір ауылдық округі | сәуірдің соңы – мамырдың басы | қазанның соңы – қарашаның басы |

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі*
*________ облысының/қаласының Әділет департаменті*
*Нормативтік құқықтық акті 12.04.2021*
*Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6300 болып енгізілді*

*Результаты согласования*
*Жезказганский городской маслихат - Главный специалист - Юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 05.04.2021 17:33:22, положительный результат проверки ЭЦП*
*Жезказганский городской маслихат - Председатель сессии Виктор Юрьевич Сотников, 05.04.2021 17:34:46, положительный результат проверки ЭЦП*
*Жезказганский городской маслихат - Председатель сессии Светлана Серикбаевна Жумкина, 05.04.2021 17:36:11, положительный результат проверки ЭЦП*
*Департамент юстиции Карагандинской области - зам.руководителя Рахмет Амантаевич Базылов, 08.04.2021 15:30:32, положительный результат проверки ЭЦП*

ҒЫЛЫМ және ТЕХНОЛОГИЯЛАР

# ЗЕЙІНІ ЗЕРЕК ЗАМАНДАС



*(Соңы. Басы 1-бетте),*

Тыныс Бөлекбайұлының профессор атануы да – ғалымның еңбегіне берілген лайықты баға. Ол оқу процесін жетілдіру мақсатында 3 оқулық, 4 оқу құралы, 2 монография жазып, жүзден астам ғылыми мақалаларын жариялады. «Барьер безопасности для автомобильных дорог» атты патенттің авторы. Сүлейменов әзірлеген «Автомобильные перевозки» оқу құралы елімізде көлікті пайдалану, көлік қозғалысын, жүк тасымалын ұйымдастыратын мамандарды дайындауға да септігі мол болып отыр.

Ресей Федерациясының белгілі академигі Л.Б.Миротинмен бірлесіп жазған «Транспортная логистика» атты оқу құралы Қазақстандағы көліктік логистика ғылымының негізін қалауға оң ықпалын тигізді. Сондай-ақ, бұл оқу құралы таяу шетелдерде қолданысқа еніп, жақсы нәтижелер беруде. Ал енді Қазақстан үшін оның маңызы мен пайдасы қандай десек, біз еліміздің Еуразияның сауда айналымында ойып тұрып орын алуы үшін трансқұрлық дәлізін дамытудың айқын бағытын таңдап алғанын көреміз. Тәуелсіздік тұғыры орнаған 30 жылда біраз жұмыстың басы қайырылды. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының 13,4 мың шақырымы салынып, реконструкцияланды, жүргізілген жөндеу жұмыстары республикалық тас жолдардың магистральдық желісіндегі бұзылған учаскелерін, соның ішінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» сияқты алты негізгі халықаралық транзиттік дәлізді қалпына келтіруге мүмкіндік берді. ТМД елдері арасында Қазақстан осы жылдардың ішінде 2500 шақырым жаңа теміржол желісін салған жалғыз мемлекет. Мысалы, 2014 жылы салынған бір ғана Жезқазған – Бейнеу теміржол желісі Қытайдан Каспийге, әрмен қарай Түркияға, оңтүстік Еуропа мен Парсы шығанағы елдеріне бағытталған жүк пойыздарының жол жүру қашықтығын 1000 шақырымға қысқартты. Жалпы айтқанда, елімізде қабылданған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы және «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» Қазақстанның транзитті-көлік әлеуетін дамыту бағдарын айқындап, Қазақстан аумағында көлік-логистикалық хабты құруға және Еуразияның халықаралық көлік-коммуникациялық ағынында еліміздің біріктірілуін мақсат етеді.

2010 жылдан Тыныс Бөлекбайұлы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қызмет етіп келеді. Еліміздің мәртебелі жоғары оқу орнында да Сүлейменовтың беделі биік, мәртебесі жоғары. Қазір ол көлік - энергетика факультетінің деканы. Шебер ұйымдастырушы, білікті басшы, педагог ретінде отандық білім беру жүйесінің басты міндеті адами капиталды дамыту арқылы еліміздің әлемдегі бәсекелестігін арттыруға күш салуда. «Көліктік логистика», «Лицензиялау және сертификаттау негіздері», «Бірыңғай транспорт жүйесі», «Көлік жөндеу» сияқты негізгі оқу пәндерін жүргізе отырып, ол республикада көлік саласы ғылыми мектебінің қалыптасуына, осы саладағы мамандардың үлкен шоғырын оқытып - тәрбиелеуге елеулі үлес қосып келеді. Бүгінде оның шәкірттері еліміздің игілігі жолында көптеген басқару құрылымдарында еселі еңбек етіп, тәуелсіз Қазақстанды дамудың табан жолынан өркениеттің даңғыл жолына түсіруге ұмтылуда.

Маңдай терін төгіп, аянбай еңбек еткен адамның рухани жан дүниесі таза, рухы мықты болады. Мен білетін Тыныс Сүлейменов – айналасына татулықтың, жақсылықтың, мейірбандықтың нұрын шашып жүретін, үлкен-кішінің бабын таба білетін, жібек мінезді жайдары жан. Әсіресе, Тыныстың ұлттық өнерімізге деген ықыласы тым ерекше. Кезінде мен Тынысты үнемі қандай да бір мәдени іс-шаралардың қасынан көретінмін. Сондай-ақ өз айналасына өнерлі жастарды жинап, бейнелеп айтар болсам, шілденің аптабы мен аңызағында саясында сан адамды паналатқан ғажап бір бәйтерек секілді, оның талай жасқа өзінің қамқор құшағын жайып жүргенін де білемін. Естуімше, қазір де қызметтен тыс кезде, ол қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, факультет және университеттің деңгейіндегі түрлі мәдени және спорттық шараларды ұйымдастырып жүрген көрінеді.

Сайып келгенде, кішіліктің келешегі үлкендіктің үлгісінде жатыр. Әр адам өзінің биігіне ұмтылады, сол жолда шамшырақ болып жол нұсқайтын нысана іздейді. Соның бірі – талай жас адамдардың жанына жалау, өміріне темірқазық іспетті бағыт сілтеген, жас түлектердің айтулы тәлімгері – Тыныс Сүлейменов болары кәміл!

**Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ,**
*Нұр-Сұлтан қаласы*

COVID-19

# ЕКПЕ АНТИДЕНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



***Вакцинация жасатудың мақсаты – ағзаға вакцинаны енгізгеннен кейін спецификалық иммунитеттің қалыптасу, яғни иммундық жадының онымен байланысқан кезінде микро организмдердің анықталған антиденелеріне реакциясын қосу болып табылады.***

Микробтың адам ағзасына енгізгеннен кейін ауру қоздырғыштарын жоятын бөлшектері – антиденелер пайда болады. Сондай бөлшектерді қажетті көлемінде өндіру үшін уақыт қажет, сол адам ауыратын уақыт болмақ. Антиденелер жеткілікті санында жинақталғаннан кейін, адам сауығады.

Вакцинация антиденелердің қалыптасу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ асқынуларға жол бермеуге ықпалын тигізеді. Екпені енгізгеннен 5-6 күннен кейін, антиденелер өңделеді, саны тез өседі, сонымен 20-22 тәулікте егуден кейін максималды санына жетеді. Кейінірек ағзаға аталмыш микробтардың түрі шабуыл жасаған кезінде олар тезірек және жеңілдеу басылады: иммуноглобулиндер бірінші не екінші күннен-ақ өңделе басталады, олар аурумен бастапқыға қарағанда, бірнеше есе күштірек күреседі. Вакцина ауру тудырмайды және ауру қоздырғышын асқынуына не өлім-жітім оқиғасына еш уақытта мүмкіндік бермейтінін есте сақтау қажет.

Тамыз айының ортасында Ресейдің Гамалей Н.Ф Ұлттық эпидемиологиялық зерттеу орталығында екпе эпидемиологтар мен микробиологтардың зерттеуінен өтіп халыққа ұсынылып отырған «Гам-Ковид-Вак» («Спутник V») вакцинасы да өзге вакциналар секілді – адам өміріне қауіпсіз. Аталмыш вакцина зерттеу барысында эфективтілігі жоғары немесе 91,4% екенін көрсеткен.

**Екпенің құрамы қандай?**

Екпе 2 компоненттен тұрады. Яғни 2 рет егіледі.

Екпе екі дозадан адамның иығына салынады. Алдымен 0,5 мл бірінші доза салынып, арада 21 күн өткенде тағы 0,5 мл салынады.

Екпе салардың алдында дәрігер дене қызуын, сатурацияңызды, қан қысымыңызды, жүрек соғысыңызды, ауыз қуысын тексеруі тиіс. Екпенің бір флаконында 3 мл доза болады. Бір флакон бес адамға салуға жетеді. Вакцина алған соң 30 минут бойы медициналық мекемеде, дәрігердің бақылауында боласыз. Одан соң үш күн бойы тұрғылықты жеріңіздегі учаскелік дәрігерлердің бақылауында боласыз.

**Сонда екпені кім алады?**

**1-кезекте** коронавируспен жұқтыру қаупі жоғары адамдар яғни медицина қызметкерлері инфекциялық ауруханаларда, жедел жәрдемде жұмыс істейтін медқызметкерлер, санэпидқызметкерлер алады.

**2-кезеңде** мектеп мұғалімдеріне, университет оқытушылары

**3-кезеңде** екпе мектеп-интернаты мен балабақша педагогтары, студенттер мен созылмалы ауруы бар адамдарға егіледі. Сонымен қоса төтенше жағдай мамандары, полицейлер, Қорғаныс министрлігі, ҰҚК, Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері

**Қандай жағдайда алуға болмайды?**

Осы уақытқа дейін екпе алған кезде жоғары сезімталдық болған жағдайда анамнезінде ауыр аллергиялық көрсеткіш байқалғанда, жүктілік пен бала емізетін кезеңде екпе салуға тыйым салынған. .

Жедел инфекциялық немесе созылмалы аурудың қозуы бұл жағдайда адам сауыққаннан кейін 2-4 аптадан кейін екпе алады.

Егер коронавируспен ауырған болса онда 6 айдан соң салуға болады. Антидене көрсеткіші төмен болған жағдайда екпе салынбайды.

**Екпеден кейін қандай реакция болуы мүмкін**

Екпе егілгеннен кейін 1-3 күн тұмау тәрізді клиникалық көрсеткіш болуы мүмкін. Олар: қалтырау дене қызуының жоғарлауы, артралгия, миалгия, астения, бастың ауырсыну. Инъекция орнының ауырсыну, гиперемия, ісіну, кей жағдайда жүрек айну, диспепсия, тәбеттің төмендеу сынды жергілікті реакциялар да көрініс табуы мүмкін.

**Екпе алғандарға арналған нұсқаулар:**

3 күн екпе егілген жерді суламау, баня, сауна сияқты жерлерге бармау, алкоголь қабылдамау; Егер жергілікті жер қызарып ісінген жағдайда антигистаминдік препарат қабылдауға болады; Дене қызуының көтерілуі байқалса көбірек су ішіп қабынуға қарсы стероидты препарат қабылдауға не парацетамол қабылдауға болады.

**Гүлнұр ЖҰМАШОВА,**
**«Тильман» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының отбасылық дәрігері**

***Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше әлем бойынша қазіргі таңға дейін 141 млн адам COVID-19 індетіне шалдығып үлгерген, ең өкініштісі, олардың 3 млн-нан артығы көз жұмған. Көпті жалмай жұтып, адам өмірі үшін басты қауіпке айналған COVID-19 вирусы мутацияға бейім. Қазіргі таңда оның мутациялық түрлерінің ішінде үшеуі – британдық, Оңтүстік африкалық және бразилиялық штамы айрықша қауіпті болып отыр.***

# ЖАҢА ШТАММ АЛДЫҢҒЫСЫНАН ДА ҚАУІПТІ БОЛУЫ МҮМКІН

Ұлыбританияда тез тарап жатқан вирус – коронавирустың мутацияланған түрі. Оған VOC-202 012/01 деген атау беріліп отыр. Былтырғы күз айларында Ұлыбритания халқы жаппай шалдыққан бұл штамның ерекшелігі – жұғу ықтималының жоғарылығында. Бір күнде 50 мыңнан астам халық осы штамды жұқтырып, ел жаппай локдаунға көшкенде, дүние жүзі халқы қайтадан дүр сілкінгендей болды. Соған сай бұл елден бойларын аулақ ұстауды жөн көрген 50-ден астам мемлекет королдікпен әуе шекарасын жауып, ұшақ рейстерін тоқтатты. Мамандардың айтуынша аталған штам басқа коронавирус түрлеріне қарағанда 50-70 пайызға дейін жылдам таралады, бірақ ауру ағымы өзгермейді.

Аяқ астынан пайда болған жаңа штамды зерттеуге кіріскен вирусолог ғалымдар аталған мутация мен бастапқы вирусты салыстырады. Соның нәтижесінде жаңа штамды жұқтырған 3000-нан астам адамның 35 пайызында жөтел болған. 32 пайызында шаршаңқылық, 25 пайызында бұлшықеттердің ауырсынуы орын алған. Сонымен қатар 21,8 пайызында тамақтың ісінуі болған. Ал мутациясыз бастапқы вирусты жұқтырған 2000-нан астам адамның 28 пайызы жөтеліпті және 29 пайызы селсоқ күй кешкен. Дене бұлшықеттерінің ауыруын 21 пайызы сезінсе, тамақ ауруын 19 пайызы бастан өткерген. Сонымен қатар ғалымдар пікірінше, жаңа штамды жұқтырғандар бастапқы вирусқа шалдыққандарға қарағанда дәм сезу қабілетін жоғалта бермейтін көрінеді. «Британдық штамды» зерттеуге кіріскен әлем ғалымдары, әзірге нақты ақпарат бере алмай отыр.

Уханьда пайда болған коронавирус қазірге дейін 23 рет мутацияланған екен. Оның өзгеріске түсуі қалыпты жағдай екенін айтқан вирусологтар вирус негізінен иммунитеті төмен адамның ағзасында жиі мутацияланады дейді.

Қазіргі таңда алаңдатып отырған негізгі жайттың бірі – «британдық штамның» біздің елімізге де келуі. Аталған штамның алғашқысы наурыз айының соңында Алматыда тіркелген болатын. Шарм-эль-Шейх пен Дубайдан әуе рейсімен келген 8 адамнан жаңа штам табылды. Жаңа штам әлемнің түпкір-түпкірінен туристер ағылып келіп жатқан Сауд Арабиясы, Египет және Түркия елдерінде көптеп таралып жатқанынын ескерткен мамандар қазіргі уақытта барынша шетелге шығуды доғарып, сақтық шараларын қатаң ұстану қажетін еске салды. Сондай-ақ, ауру белгілері байқалысымен өз бетінше ем қабылдамай, дәрігер көмегіне жүгініңіз. Бұл – ауру асқындырып алудан сақтап, өлімге душар болудан қорғайтын бірден-бір амал.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ГЕМОДИАЛИЗ ЕМШАРАСЫ ТЕГІН ЖҮРГІЗІЛЕДІ

***2021 жылдың 3 айында Қарағанды облысының тұрғындарына 21,8 мыңнан астам гемодиализ процедурасы жүргізілді.***

Бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі бар бір пациентті емдеу жылына 5 млн теңгеге жуық тұрады. Қарағанды облысында 2021 жылдың басында «бүйрек жеткіліксіздігі» диагнозымен 595 адам есепте тұр. Бұл тұрақты гемодиализ процедураларын қажет ететіндер. Қарағанды, Жезқазған, Теміртау, Балқаш қалаларындағы және кейбір ауылдық аудандардағы 15 медициналық объектіде (филиалдары бар 8 орталық) бүйректен тыс қан тазартудан өтуге болады. Теміртау тұрғыны Наталья Гец (аты-жөні өзгертілген) «бүйрек жеткіліксіздігі» диагнозы 2013 жылы қойылған. 42 жастағы әйел аптасына үш рет 4 сағаттан гемодиализ аппаратында өткізеді. Наталья жұмыс істейді және саяхаттайды. Қаладан қалаған кезде шығуы дәрігермен ғана келісілген, пациентпен келесі процедурадан қайда және қашан өту керектігін анықтайды, өйткені гемодиализді өткізіп алуға немесе уақытын ауыстыруға болмайды. «Әр түрлі қалаларда гемодиализ процедурасын алдым, дәрігер алдын ала хабардар етеді, уақытты тағайындайды және талдаулармен келемін. Гемодиализден басқа айына екі рет тест тапсырамын, үнемі УДЗ, кардио диагностикадан өтемін, дәрі-дәрмектер аламын. Барлығы уақытылы, жеткілікті көлемде, барлығы тегін», – дейді Наталья. 2021 жылдың үш айында облыстың гемодиализ орталықтарында пациенттер 21 мыңнан астам гемодиализ процедурасынан өтті. Оларды төлеуге медициналық сақтандыру қоры 736 млн теңгеден астам қаражат бағыттады. Барлығы 2021 жылға гемодиализ жүргізуге медициналық орталықтар Қормен 2,7 млрд теңгеге шарт жасасты, бұл сома жыл ішінде науқастар саны өскен жағдайда ұлғайтылуы мүмкін. «Қымбат тұратын гемодиализ сеанстары және ілеспе емшаралар «бүйрек жеткіліксіздігі» диагнозы бар пациенттерге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіреді. Яғни, осы ауру шеңберінде кез келген медициналық көмекті міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан пациенттер тегін алады», – деп толықтырды медициналық сақтандыру қорының Қарағанды филиалының директоры Фазыл Копобаев.

**«ММСҚ» КЕАҚ**
**Қарағанды облысы бойынша филиалы**

ҮШТІЛДІЛІК – КЕМЕЛДІЛІК БАСТАУЫ

# БАЛАБАҚШАДА ҮШ ТІЛ ОҚЫТЫЛАДЫ

***«Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем. Тілден тілдің кеңдігі болғанымен, кемдігі жоқ» деп ұлы бабаларымыз осы күнді меңзегендей. Көп тілді білу – заман талабы, адам талабы. Бүгінгі күні талпынған адамға қол үшін беретін мемлекет және мемлекеттік ұйымдар бар. Боламын, білемін деген баланы қанаттыратын ұстаздары да бар.***

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауының бірінде: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын.

Бүгін біз мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жетілдіру, көптілді ортаны құру үшін балалардың сөйлеу тілін дамытуда мектепке дейінгі білім беру жүйесіне инновациялық технологиялар мен жаңа әдістемелерді енгізудеміз. Баланы өзге мемлекеттің өкілдерімен тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға дайын етіп тәрбиелеуді алдымызға мақсат етіп қоюдамыз. Ол үшін балалардың қабілеттерін дамытып, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілін білуге үйретуіміз қажет. Біз бүлдіршіндерімізді неғұрлым ертерек тілдерді меңгеруге үйретсек, соғұрлым нәтижесі жақсы болады. Өйткені, дәл мектепке дейінгі жас ерекшілік тілді игеру үшін нағыз тиімді жас. Оқытудың басты ұраны – ойын кезінде оқыту, себебі ойын-баланың табиғи қажеттілігі. Сондықтан үштілдегі қимыл-қозғалыстар, рөльдік, саусақтық, танымдық ойындар – бұл өте қызықты және еліктірерлік.

Осы орайда тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор. Сабақтың үстінде тәрбиеші-педагог балалардың шығармашылық қызметін дамытады; өз бетінше тапсырмаларды орындатады; шағын ертегілер, әңгімелерді қорғауға үйретеді; балалардың өз бетінше жұмыс жасауды және белсенділігін арттырады; ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын дамытатын жұмыстар жүргізеді. Қандай да бір мәселені шешуде балалардың қалай ойлайтындығын, олардың ой-өрісін біліп отырудың маңызы зор. Өйткені бұл балалардың қаншалықты пайымдай білетіндігін, қаншалықты жақсы меңгергендігін анықтауға мүмкіндік береді. Баланың ойлауын, есте сақтауын, белсенділігін, ынтасын, дағдысын, білім сапасының артуын қамтамасыз етеді. Балалардың оқуға деген мотивациясының жоғарлауына тәрбиеші-педагог әр балаға сабақ беру барысында жеке тұлға ретінде қарап, оның ойын, пікірін ескеріп, бала да өзінің білім алуға деген көзқарасын өзгертері сөзсіз.

Білім беру жүйесінде өмір талабы үш тілді білу, орыс топтарда қазақ тілін оқытудың сапасын жақсарту міндеттері қойылған. Балаларға қазақ тілін оқыту мәселесі олардың қазақша сөйлей алатындай болып шығуына мүмкіндік беретіндей болуы тиіс. Бірыңғай оқу, жазу жұмыстары, жалаң сөз, жаттау – балаларды жалықтырады. Ал ойын технологиясын қазақ тілі сабақтарында қолдану тиімді әрі маңызы зор. Әрбір адамға ойлау қабілетінің белгілі бір дағдылары мен жеке тұлғаның қасиеттері керек. Сараптама жасай білу, салыстыра білу, негізгісін анықтай білу, мәселені шеше білу, өзін-өзі бағалай білу, жауапты болу, өз бетінше жұмыс істей білу – міне, балаға өмір жолын бастауға қажеттіліктер деп атасақ болады.

Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да – сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ дегеніміз – өз ана тілінде еркін, таза сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі ең басты қажеттілік. Өзге тілді білсең, өрге шығасың, Өз тіліңді білсең, төрге шығарсың. Орыс тілі әр елге, ағылшын тілі әлемге есік ашады

**Әйгерім ЖАЙЛАУБАЕВА,**
**«Балауса» бөбекжайының тәрбиешісі**

## *Тәуелсіздік жылнамасы*

***2002 жыл***

• Жезқазған қаласының 50 жылдық тойы қарсаңында «Жезказганская газета» басылымында қала эмблемасының үлгісіне жарияланған конкурста Жезқазған мыс зауытының жұмысшысы Махмет Төлеуұлы Ысқақовтың конкурстық жұмысы жеңімпаз деп танылып, қала эмблемасы Жезқазған қалалық мәслихатының 22 қаңтардағы сессиясында бекітілді.

• 23 қаңтардағы Жезқазған қалалық мәслихатының №4/46 шешімімен қаланың шығысында орналасқан К.Маркс көшесі КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері Ғазиз Омаровтың атына өзгертілді.

• 19 наурыздан бастап «Алтын аймақ» қоғамдық-саяси газеті апталық газет ретінде шыға бастады.

• 17 маусымда Халықтар достығы мен мәдениеті үйі алдындағы алаңға ақын Т. Қалмағамбетовтың ескерткіші орнатылды.

• 13 желтоқсандағы Президент Жарлығымен мамандандырылған әкімшілік соты құрылды.

• Алматы бағалау институтының Жезқазғандағы филиалы Алматы технология және құрылыс, сапаны бағалау мен басқару университетінің Жезқазған филиалы болып ауысты.

• «Қазақмыс» корпорациясына қарасты «Нұрқазған» руднигінің құрылысы аяқталды. Мұнда барлық технологиялық процестер спутниктен басқарылады.

• Балалар мен жасөспірімдердің «Таэквондо» спорт мектебі пайдалануға берілді.

• Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Кенжебай Ахметовтың «Әдебиеттануға кіріспе» атты құнды оқулығы жарық көрді.

• Қарағанды облыстық телерадио компаниясының кешенінде «Мәдени мұра» театрлық жобасымен Алтын қорға жазылған алғашқы халық әндерін жерлесіміз Ғалым Мұхамедин мен оның шәкірттері орындады.

• Қазақстандағы мұрағаттар арасында ұлттық мұрағат қорын сақтау республикалық байқауында Жезқазған қалалық мемлекеттік архивінің ұлттық архив қорын сақтау жөніндегі жұмысына үздік деген баға беріліп, архив ұжымы Мәдениет министрлігі мұрағаттар мен құжаттарды басқару жөніндегі комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

• «Қазпошта» ашық акционерлік қоғамы Жезқазған қалалық пошта байланыс торабының ұжымы тұңғыш рет тұрғындарға тұтынушылық несие беру қызметін бастады.

• 60 орындық наркология диспансері ашылды.

• 2004-2005 оқу жылы Жезқазған қалалық білім бөлімінің «Қала мектептерінде түзету және дамыту сыныптарын ашу туралы» бұйрығы шықты.

***2005 жыл***

• «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқаруының типтік құрылымын бекіту туралы» 2004 жылғы 4 қазандағы қаулысына сәйкес Жезқазған қаласы бойынша жаңадан үш мекеме құрылды. Олар: «Жезқазған қаласының ішкі саясат бөлімі», «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммунальдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі», «Жезқазған қаласының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемелері.

• 3 наурызда Қарағанды облысы әкімі К.Е.Мұхамеджановтың №34 өкімімен А.Қ. Бейсенов Жезқазған қаласының әкімі болып тағайындалды.

• 15 маусымда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев ресми сапармен Жезқазған қаласына келді. Елбасы Жезқазған мыс заводында болып, зауыт жұмысшыларымен, Алаш алаңына жиналған қала жұртшылығымен кездесті.

• Қазан айында XV «Байқоңыр дауысы» халық шығармашылығы фестивалі басталды.

• Тәуелсіздік мерекесі күні қарсаңында үш қабатты «Дариға» сауда орталығы салтанатты жағдайда көпшілікке есігін айқара ашты.

• 24 желтоқсанда қазақ мектептерінің қарашаңырағы болып саналатын № 8 гимназияның ұжымы гимназияның елу жылдық мерейтойын салтанатты жағдайда атап өтті.

«Қазақмыс» корпорациясына қарасты жылына 1 миллион тоннаға дейін руда беретін «Құсмұрын» мыс руднигін игеру жұмыстары басталды.

«Қазақмыс» корпорациясы Германиядағы мыс пен мыс негізіндегі құймадан он екі мыңнан астам түрлі өнім – оның ішінде ғарыштық технологияда қолданылатын өткізгіштер шығаратын Майнсфельд зауытын сатып алды. Ол – Еуропаның экономикасы өрлеген елдеріндегі нақты секторға инвестиция құйған алғашқы қазақстандық компания.

Республика күні мерекесіне орай жеңіл атлетикадан аймақтық «Сарыарқа» және «Жезказганская газета» газеттерінің жүлделері үшін дәстүрлі жарыс өтті.

Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ-сазды драма театрында елімізге әйгілі академик Әбілқас Сағыновтың 90 жасқа толуына орай «Ірі ғалым, ұстаз, өндіріс ұйымдастырушысы» деген тақырыпта ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде дүниежүзілік студент жастар күніне байланысты «Жас жігер» фестивалі салтанатты жағдайда ашылды.

Бүлдіршіндердің рухани ордасы Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ сазды-драма театрының жанындағы қуыршақ труппасы 20 жылдық мерейтойын атап өтті.

**Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві**